



161200, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше, 16
ғимарат. тел.: 8 (72533) 5-94-10, 8/700/205-94-10, ММ коды 1203501;
БИК ККМФКZ2A, ИИК KZ42070102KSN5801000, БИН 160240017052
Түркістан облысы бойынша, ҚР ҚМ “қазынашылық департаменті” ММ

161200, город Туркестан, микрорайон Жаңа қала, улица 32, здание 16.
тел.: 8 (72533) 5-94-10, факс:8/700/205-94-10, код ГУ 1203501;
БИК ККМФКZ2A, ИИК KZ42070102KSN5801000, БИН 160240017052
ГУ “Департамент казначейства” по Туркестанской области КК МФ РК

№ _____

№ 25/1608 от 27.02.2026

**Аудандық, қалалық білім
бөлімдерінің басшыларына****Облыстық білім беру
мекемелерінің басшыларына****Техникалық және кәсіптік
білім беру ұйымдарының
басшыларына**

*1 наурыз – Алғыс айту күнін
мерекелеу туралы*

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі - Орталық) 2026 жылы 27 ақпандағы №05-1-05-4/1510-И шығыс хатына сәйкес төмендегіні хабарлайды.

Елімізде Алғыс айту күні 2016 жылдан бастап аталып өтіледі. Бұл күні елімізде көптеген мерекелік және салтанатты іс-шаралар ұйымдастырылады.

Алғыс айту күні қазақстандық патриотизмнің, еліміздің халықтары арасындағы достық, мейірімділік пен келісімнің көрінісі болып табылады.

Мерекенің идеологиясы – Қазақстан аумағында әртүрлі этностардың қоныстану тарихын қоғамға түсіндірудің аясын кеңейту, олардың қазақ жеріндегі тағдырына қазақтардың бауырмалдық танытқанын білуге және құрметтеуге бағытталған құндылықтарды айқындайды.

Білім беру ұйымдарындағы барлық іс-шаралар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес «Заң және тәртіп», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» қағидаттарын дәріптеуге бағытталуы тиіс.

Алғыс айту күніне орай іс-шаралар өткізу кезінде білім алушылардың жас ерекшелігін және қызығушылықтарын ескеру маңызды. Сынып сағаттарын әзірлеуде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі

құндылықтарының, сонымен қатар мәдениет пен білімнің, ғылым мен инновацияның басымдығы дәріптелуіне назар аудару қажет. Білім алушылар үшін қызықты және олардың еліне деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімдерін дамытатын, ұлттық құндылықтарын арттыратын іс-шаралар болуы және бейбітшілік пен татулыққа, этносаралық бірлік пен тұрақтылыққа негіздеу ұсынылады.

Бұл мерекенің негізгі алғышарттарының бірі – «Тарихыңды есінде сақта және мақтан ет».

Қазақстандық қоғамда ризашылық пен бауырмалдықты кеңінен дәріптеуге, Алғыс айту күнін атап өтуді жалпыұлттық және көпшілікке жақын форматта насихаттауға тарту мақсатында білім беру ұйымдарында:

– мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында «Менің елім» тақырыбында сурет салу, ән айту байқаулары, «Мен Отаныммен мақтанамын» тақырыбында тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастыру;

– орта білім деңгейінде көршісін құрметтеуге, тарихқа, педагогтерге, мұғалімдерге, ата-аналарға құрмет көрсетуге арналған «Тарих ғибраты» тақырыбында сыныптан тыс іс-шаралар онкүндігін («Алғыс – ізгі ниет», «Қазақ елі – бауырмалдықтың мекені», «Достық шаңырағы», «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» сияқты атаулармен сынып сағаттары, патриотизм сабақтары, «Алғыс айту – парызың...» тақырыбында шығарма жазу байқаулары және т.б.) өткізу;

– техникалық және орта білімнен кейінгі кәсіптік білім беру деңгейінде отансүйгіштіктің, гуманизмнің, білім мен ғылым культінің, кәсібиліктің, үнемшілдік пен еңбекқорлықтың үлгісін танытып жүрген жастарға құрмет көрсетіп, алғыс білдіруге бағытталатын «Берік достық бұзылмайды» сахналандырылған қойылымдар байқауын («Шабыт» жобасының аясында), «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясын («Еңбегі адал жас өрен» жобасының аясында) және т.б. форматтардағы іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылады.

Осы ұсынымдардың меншік нысанына қарамастан барлық білім беру ұйымдарының назарына жеткізуді сұраймыз

Басшының м.а.

А. Қасымбекова

✍ А. Досыбекова
☎ +7 (72533) 5-94-38

Қол қойған

27.02.2026 12:17 Касымбекова Айгул Ерхалиевна

Құжат түрі	Шығыс құжат
Номер и дата документа	№ 25/1608 от 27.02.2026 г.
Организация/отправитель	«ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ
Получатель (-и)	ТҮРКЕСТАН ОБЛЫСЫ АРЫС ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ КЕНТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БӘЙДІБЕК АУДАНЫ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ
	ЖЕТІСАЙ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
	КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ МАҚТАРАЛ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ОРДАБАСЫ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ОТЫРАР АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ САЙРАМ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ САРЫАҒАШ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ СОЗАҚ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ТӨЛЕБИ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ТҮЛКІБАС АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ШАРДАРА АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ	
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «САУРАН АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	
Электронные цифровые подписи документа	 Государственное учреждение "Управление образования Туркестанской области" Қол қойған: КАСЫМБЕКОВА АЙГУЛ MIIRjgYJ...E1DH7qg== Время подписи: 27.02.2026 12:17
	 Государственное учреждение "Управление образования Туркестанской области" ЭЦП канцелярии: АСИЛЬБЕКОВА АИДА MIIRwAYJ...x9r0hA2bf Время подписи: 27.02.2026 12:18



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.